

Түлкібас аудандық мәслихатының 2013 жылғы 30 қыркүйектегі № 19/4-05 " Түлкібас ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 36/10-05 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 қаңтарда № 2968 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2019 жылғы 18 наурыздағы № 37/9-06 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 18.03.2019 № 37/9-06 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес, Түлкібас аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Түлкібас аудандық мәслихатының 2013 жылғы 30 қыркүйектегі № 19/4-05 "Түлкібас ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек беру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2381 тіркелген, 2013 жылғы 25 қазанда "Шамшырақ" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

шешімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Түлкібас ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек беру туралы";

шешімнің 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Түлкібас ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт

және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін бюджет қаражаты есебінен екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек берілсін."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

С. Складов

А. Сапаров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК